

Диссертациялық кеңес  
туралы үлгі ережеге  
5-қосымша

Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, доцент Кусайынова Жайнагул Айтмағанбетовнаның «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін Сыдық Перизат Сәндібайқызының «Тілдік рефлексия: дискурстық талдау (қазақ және ағылшын тіліндегі көркем мәтіндер негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
**ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның	«Тілдік рефлексия: дискурстық талдау (қазақ және ағылшын тіліндегі көркем мәтіндер негізінде)» деген тақырыпқа жазылған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орындалған: - Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. Диссертациялық жұмыс 1), 2) көрсетілген бағдарламаларға сәйкес арнайы орындалмаған.

		<p>немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p>	
		<p><u>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді: 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27. 04.2016 ж).</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертант П.С. Сыдық өз зерттеуі барысында рефлексивті лингвистика саласына елеулі үлесін қосып, тілдік рефлексияны таңбалайтын метамәтіндердің, рефлексивтердің қазақ және ағылшын тілді көркем мәтіндердегі көрінісін талдап, аталған жұмыстың ғылымға маңыздылығын толық ашқан. Зерттеуші қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндерде көрінетін тілдік рефлексивтерді алғаш рет салғастырмалы аспектіде талдап, метамәтіндер мен олардың түрлерін, вербалдану ерекшеліктерін анықтаған. Рефлексияға қатысты философиялық ойлардың дамуын кесте (15-бет) арқылы көрсетіп, аталған құбылыстың тіл мен сана қатынасы негізінде жүзеге асуын, яғни субъект кез келген ақпаратты (көргенін, естігенін, оқығанын)</p>

таным арқылы қабылдап, осы қабылданған мәліметті өз санасында сақтай отырып, талдайтынын, қорытындылайтынын тілдік деректермен дәйектеген (23-24 б.б.). Ғалым Г. Богиннің мәтінді түсіну типологиясын негізге ала отырып, рефлексивті талдаудың қадамдық үдерісін көрсеткен (25-бет). Диссертант метатілдің бір тілдік таңбаны екінші тілдік таңба көмегімен интерпретациялаудағы құрал ретінде сипатталуын және қазақ тіліндегі көркем мәтінде рефлексивтің ұлттық мәдени мазмұнға ие тілдік таңбадан көрініс беретінін Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» әңгімесіндегі «тажал» сөзі арқылы талдаған (44-бет). Г. Гиббстің моделін көркем мәтіндердегі тілдік рефлексивтерді, метамәтіндерді анықтау мақсатындағы талдауға жарамды әрі тиімді модель деп танып, талдауды А. Құнанбайұлының «Қара сөздеріне» және О. Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» көркем мәтіндеріне жүргізген және рефлексияның түрлерін Л. В. Тараканованың жіктемесіне сай анықтаған (50-89 беттер). Сауалнамаға қатысушыларды екінші ретті құбылыс, ал ақын шығармаларын (өлең, қара сөздерін) интерпретациялаушы (оқырмандар) қажет ететін бірінші ретті құбылыс деп анықтаған. А. Құнанбайұлының «Қара сөздеріндегі» және О. Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» көркем мәтіндерінде тілдік бірліктерді саралап, салғастыра талдап, тілдік рефлексивтердің вербалдану

			<p>ерекшеліктерін айқындап, когнитивті және рефлексивті лингвистика тұрғысынан қарастырған және рефлексияның тұлғалық, коммуникативті, интеллектуалды, әлеуметтік, экзистенциалды, кооперативтік және саногенді түрлерінің кездесетінін талдау нәтижесінде анықтаған (68-89 беттер). Докторант ұсынған «Мәтінге рефлексивтерді талдау жасау моделі» ғылыми жұмыстың практикалық маңыздылығын танытады, әрі осы бағыттағы зерттеу жүргізуде пайдалы деп есептейміз. Осы аталған зерттеу нәтижелері рефлексивті, когнитивті лингвистика, дискурсология салаларын дамытуда айтарлықтай үлес қоса алады және маңызды деп санаймыз, диссертацияда маңыздылығы нақты ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:  <u>1) жоғары;</u>  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған.</p>	<p>Сыдық Перизат Сәндібайқызының өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:  <u>1) негізделген;</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (7-бет). Тіл мен сана қызметінің бірлігі сапасында көрініс табатын тілдік рефлексияны қазақ</p>

	<p>2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер негізінде салғастырмалы аспектіде қарап әрі дискурстық талдау – арнайы әрі жеткілікті зерттелмеген тың тақырып. Диссертация тақырыбы тілдік тұлғалар рефлексиясының заманға сай өзгерісін, қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндерді рефлексиялауындағы ерекшеліктерді салғастыру арқылы ана тілінің рефлексиялау мен мәтінді зерделеудегі рөлін түсінуге мүмкіндік беруімен, әсіресе сөйлеуде бақыланатын және тілдік сананың өзін тануға бағытталған рефлексивтерді зерттеуімен өзекті.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: <u>1) айқындайды;</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (10-11 беттер). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да тілдік рефлексияны қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер негізінде салғастырмалы әрі дискурстық талдау аспектісінде зерттеуге бағытталған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты – қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндерде көрінетін тілдік рефлексияға дискурстық талдау жасау арқылы рефлексияның қазақ, ағылшын тілдеріндегі (мәтіндегі) және қазақша, ағылшынша сөздегі</p>

	<p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>(дискурстағы) вербалдану тәсілдерін салғастырмалы аспектіде анықтау, сипаттау. Аталған мақсаттар мен оған қол жеткізудегі міндеттер зерттеу тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген (7-8 беттер).</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:  <u>1) толық байланысқан;</u>  2) ішінара байланысқан;  3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген.  Атап айтқанда, бірінші бөлімде (14-48 беттер) рефлексияның анықталуы және оның зерттеу аспектілеріне теориялық тұрғыдан тоқталған.  Келесі бөлімде зерттеу жұмысының нысаны ретінде алынған қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндерге (А. Құнанбайұлы «Қара сөздер», О. Уайльд «Дориан Грейдің портреті», У. Сомерсет Моэм «Ай мен ақша») практикалық тұрғыда тілдік, метатілдік талдау сызбалары мен модельдерін (Г.Гиббс моделі) қолдана отырып талдау жасаған (50-101 беттер).  Осы көркем мәтіндердің оқырман санасында интерпретациялануына үшінші бөлімдегі эксперименттік талдау негізінде қол жеткізіп, тілдік тұлғалардың қазақ және ағылшын тілдерінде</p>

			<p>берілген мәтінге рефлексия жасауын метатілдік көрсеткіштер ретінде анықтап, М.Р. Шумарина жіктемесіне сай топтастырған (101-130 беттер). Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері бір-бірімен логикалық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Сыдық Перизат Сәндібайқызының өзіндік пікірін білдіретін сыни талдаулар бар. Диссертант ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдіс-тәсілдер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, рефлексия және оның зерттеу аспектілері, тілдік, метатілдік рефлексияны талдау жайында айтылған өзге ғалымдардың пікірлері сыни тұрғыдан салыстырылып бағаланған («рефлексия», «тілдік рефлексия», «метатіл», «рефлексив» терминдеріне талдау 14-16 бб.). «Сана» феноменінің анықталуына қатысты С.Л.Катречко ұсынған парадигманың заңдылықтарына қатысты өзінің сыни пікірі (19-бет); Рефлексияның тіл мен сана негізінде жүзеге асуын кесте түрінде көрсетуі (29-бет); тілдік сана негізінде тілдік рефлексияның орындалу моделін ұсынуы (36-бет); мәтіннің тіл жүйесіндегі байланысына қатысты зерттеушілердің жұмыстарына талдау жасап, Л.В. Бабенко сөзбасын жетілдіру қажет деп тауып өзіндік дәлелдемесімен ұсынған талдаулары автордың жаңа шешімдерін өзіндік сыни талдауға негіздегенін анық танытады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Оның жаңа болуы</p>

	<p>1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>зерттеу жұмысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндерде көрінетін тілдік рефлексивтердің салғастырмалы аспектіде алғаш рет талдануымен, А. Құнанбайұлының «Қара сөздер» және О. Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» көркем мәтіндеріне алғаш рет рефлексивті лингвистика аясында Г. Гиббстің «Рефлексияның циклдік моделі» қолданылып, талдауға түсуімен, метатілдік рефлексияның мәтіндік, дискурстық және әлеуметтік түрлерінің ажыратылып, Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», У. Сомерсет Моэмның «Ай мен ақша» көркем мәтіндері негізінде айқындалуымен сабақтасып жатыр.</p> <p>Жұмыстағы жаңа нәтиженің бірі – болашақ тіл мамандарының тілдік рефлексиясын қалыптастыру мен дамыту мақсатында «Мәтінге рефлексивті талдау жасау моделінің» алғаш рет ұсынылуы.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ғылыми жұмыста алынған алты қорытынды толығымен жаңа.</p> <p>Алғашқы тұжырымда автордың танымына сай таңдалған тілдік бірліктердің адресат санасында рефлекске ұшырап, рефлексия үдерісін туғызудағы таңдалған тілдік құралдардың рефлексив немесе метамәтін ретінде тасымалдануына, рефлексияны сана компоненті деп қарастыруға сүйене отырып, рефлексияны дискурста дискурстық бірлік тасымалдайтынын, ол тілдік тұлғаның үш әлемінің (таным, көркемдік, тіл) тұтастық түзіп, тілдік</p>



рефлексивтер мен метамәтіндерде тасымалдануын тұжырымдауы жаңа деп санаймыз.

Тілдік тұлғалардың рефлексияға қабілетті болуы тілдік тұлға дамуының көрсеткіші деп есептеліп, тілдік рефлексияның дискурста тілдің игерілуіне ықпал ететіндігі туралы тұжырымы – жаңа.

Көркем дискурс пен мәтіннің рефлексивті лингвистикадағы көрінісінің кадамдық үдерісін сипаттай отырып, метатілдік рефлексияға автор тарапынан берілген түрткі сөздердің қозғау салуы мен соның нәтижесінде метамәтіннің түзілуіне қатысты тұжырымы – жаңа.

Төртінші қорытындыда зерттеу нысанына алынған қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндердегі (А. Құнанбайұлының «Қара сөздері» мен О. Уайльд «Дориан Грейдің портреті») рефлексияның түрлері ажыратылып, екі автордың өздерінің көркем мәтіндеріне ғана тән ерекшеліктері айқындалып (кооперативтік рефлексия Абайдың екінші қара сөзінде, кәсіби рефлексия тек О. Уайльдтің көркем мәтінде кездесетіні, оның себептері көрсетіліп) рефлексияның бір түрінің қазақ және ағылшын көркем мәтіндерінде түрлі тілдік таңбалармен берілетіндігі туралы тұжырымы – жаңа.

Бесінші тұжырымда қазақ және ағылшын көркем мәтіндеріндегі рефлексивтердің негізгі айырмашылықтары жіктеп, нақты мысалдармен дәйектеліп көрсетілген. Тұжырым нақты көркем

			<p>мәтіндерді арнайы салғастыра талдау арқылы алынғандықтан тұжырым – жаңа;          Алтыншы тұжырым – жаңа. Ол сауалнама нәтижесінің негізінде алынған. Тілдік тұлғалардың ана тілінде қалыптасқан тілдік тәжірибесі өзге тілдегі мәтіндерді рефлексиялауға негіз болатыны және санада қабылданған мазмұнды рефлексиялауда түрлі тілдік кодтың жарыса қолданылуы мен қарсылықтың да болатындығы айқындалып, қорытынды жасалған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?          1) <u>толығымен жаңа</u>;          2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);          3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research (куоолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Ғылыми жұмыстағы негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Атап айтқанда, тілдік рефлексияны дискурстық талдау тұрғысынан қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер бойынша Г.Гиббстің рефлексивті цикл моделі теориясы басшылыққа алынған (50-52 беттер); А. Құнанбайұлының «Қара сөздерінен» және О. Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» көркем мәтіндеріндегі рефлексияның түрлерін ажыратуда Л.В. Тараканова жіктемесін ұстанған (22-бет); Рефлексивті талдаудың қадамдық үдерісі Г.Богиннің мәтінді түсіну типологиясына негізделе отырып, кестеленген және көркем мәтінді</p>

			<p>рефлексиялау үшінші қадамда көрінетіндігі дәйектелген (25-бет); Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» және О. Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» көркем мәтіндерінен берілген үзіндіні рефлексиялаған респонденттер метамәтіндерін талдауда М.Р.Шумаринаның тұжырымдары негізге алынған (57 – бетте).</p> <p>Психолингвистикалық экспериментті жүргізу ережесін, формасын, қатысушылар санын Е.И.Горошко ұстанымына сай негіздеген (101-бет). Сауалнама сұрақтарын құрастыру барысында Н.Д. Голевтің рефлексияның «гносеологиялық қадамы» басшылыққа алынған.</p>
7.	<p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер:</p> <p>1-тұжырымда автордың танымына сай таңдалған тілдік бірліктердің адресат санасында рефлекске ұшырап, рефлексия үдерісін туғызудағы таңдалған тілдік құралдардың рефлексив немесе метамәтін ретінде тасымалдануына, рефлексияны сана компоненті деп қарастыруға сүйене отырып, рефлексияны дискурста дискурстық бірлік тасымалдайтынын, ол тілдік тұлғаның үш әлемінің (таным, көркемдік, тіл) тұтастық түзіп, тілдік рефлексивтер мен метамәтіндерде тасымалдануын тұжырымдауы нақты талдаулармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>2-тұжырымында тілдік тұлғалардың рефлексияға</p>

7.3 Жаңа ма?  
 1) ия;  
 2) жоқ;  
 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.  
 7.4 Қолдану деңгейі:  
 1) тар;  
 2) орташа;  
 3) кең  
 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.  
 7.5 Мақалада дәлелденген бе?  
 1) ия;  
 2) жоқ  
 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

кабілетті болуы тілдік тұлға дамуының көрсеткіші болатындығы, тілдік рефлексияның дискурста тілдің игерілуіне ықпал ететіндігі мәтінді зерделеуге қатысты талдаулармен, теориялық зерттеулердегі тұжырымдармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.  
 3-тұжырымы көркем дискурс пен мәтіннің рефлексивті лингвистикадағы көрінісінің қадамдық үдерісін сипаттаған, метатілдік рефлексияға автор тарапынан берілген түрткі сөздердің қозғау салуы нәтижесінде метамәтіннің түзілуі салғастырылған көркем мәтіндер мен А.Құнанбайұлының өлеңдерінен алынған үзінділерді талдаумен, сауалнама нәтижелерімен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.  
 4-тұжырым зерттеу нысанына алынған қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндердегі рефлексияның түрлерін ажыратып, кооперативтік рефлексияның Абайдың екінші қара сөзінде, кәсіби рефлексияның тек О. Уайльдтің көркем мәтнінде кездесетінін, рефлексияның бір түрінің қазақ және ағылшын көркем мәтіндерінде түрлі тілдік таңбалармен берілетіндігін айқындап, А. Құнанбайұлының «Қара сөздері» мен О. Уайльдың «Дориан Грейдің портреті» мәтіндеріне жасалған талдаулармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.

Бесінші тұжырымда қазақ және ағылшын көркем мәтіндеріндегі рефлексивтердің негізгі айырмашылықтары жіктеліп, нақты көркем мәтіндерді арнайы салғастыра талдаудан алынған тілдік деректерімен, лексика-семантикалық, метмәтіндік талдау нәтижелерімен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.

Алтыншы тұжырымда тілдік тұлғалардың ана тілінде қалыптасқан тілдік тәжірибесі өзге тілдегі мәтіндерді рефлексиялауға негіз болатыны және санада қабылданған мазмұнды рефлексиялауда түрлі тілдік кодтың жарыса қолданылуы мен қарсылықтың да болатындығы айқындалып, сауалнама нәтижесімен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының негізгі қорытындылары рефлексия, тілдік рефлексия мәселелерін зерттеген теориялық ғылыми зерттеулерге талдау жасай отырып айқындалған, зерттеу бағыттары жүйеленген. Соған сәйкес тілдік рефлексияның вербалдануын, оның өзіндік белгілерін анықтау қазақ және ағылшын тіліндегі көркем мәтіндерге дискурстық талдау жасау арқылы дәлелденген. Диссертациялық жұмыста екі тілдегі көркем мәтіндерді салғастыра отырып, осы мәтіндерді рефлексиялаған респонденттер жауабындағы метамәтіндердің, рефлексивтердің

			<p>өзіндік ерекшеліктері сипатталып (120-126-беттер), түрлері топтастырылып, рефлексивтерге (метаоператорларға) лексика-семантикалық талдау (63-89 беттер) жасау арқылы дәйектелген. Дискурстық талдау жасау негізінде практикалық ұсыныс берілген (126-128 беттер). Мәтінге рефлексивті талдау жасау моделінің ерекшелігін атап көрсеткен (128-бет).</p> <p><b>7.5</b> Диссертация мазмұны бойынша халықаралық Scopus ғылыми деректер базасына енгізілген басылымдарда 1 мақала (Q1, 88% процентиль журналда), ҚР ҒжЖБМ-нің білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитеті ұсынған басылымда 3 мақала және халықаралық және практикалық конференцияларда 4 мақаланың басылуымен расталады.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	<p>Диссертациялық жұмыстың әдіснамасын таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың бөлімдерінде нақты сипатталған.</p> <p>Зерттеуде жалпы ғылыми әдістер – тілдік деректерді жинақтау, талдау, өңдеу, сипаттау; арнайы лингвистикалық әдістер – дискурс талдау, метамәтіндік талдау, сөздерге лексика-семантикалық талдау, салғастырмалы талдау әдісі, когнитивтік модельдеу (G.Gibbs Reflective cycle), интроспекция әдісі, психолингвистикалық</p>

			<p>эксперимент (сауалнама) әдістері сандық және сапалық тұрғыда тиімді пайдаланылған. Аталған әдістерден диссертанттың тыңғылықты теориялық және әдістемелік дайындығы байқалады.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін тілдік рефлексияны таңбалайтын метамәтіндердің, рефлексивтердің қазақ және ағылшын тілді көркем мәтіндердегі көрінісін эксперименттік талдауда пайдаланған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және ол толық бір бөлім арқылы расталған (101-130 беттер). Атап айтқанда, Г.Гиббс моделінің алты элементі респонденттер жауабымен сәйкестік көрсетіп, аталған модельдің әмбебаптығы расталған (120-бет). Тілдік тұлғалардың екі тілде (қазақша, ағылшынша) берілген мәтінді зерделеуінде көрінген метатілдік көрсеткіштер мен рефлексивтердің айырмашылықтары кесте түрінде дәлелденген (120-126 беттер).</p>

8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.

Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде мынадай еңбектерге сүйенген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынып, сілтемелермен расталған: рефлексивті лингвистика (Л.М. Шайкенова, К.К. Окушева, Г.А. Бормбаева, Б.М. Гаспаров, Н.К. Рябцева, Б.Ю. Норман, Т.В. Булыгина, А.Д. Шмелев, И.Т. Вепрева, Э.Л. Трикоз, Н.Д. Голев т.б.), тіл мен сана, тіл мен ойлаудың қатынасына байланысты (В.фон Гумбольдт, А.Н. Ростова, Ә. Хасенов), тіл және сана, сана мен ойлау, тіл мен мәдениеттің өзара байланыс мәселелері (Э. Сепир, А.А. Потебня, Л.В. Щерба, Л.В. Выготский, А.Н. Леонтьев, А.А. Леонтьев, А.А. Залевская, Е.Ф. Тарасов, Н.В. Уфимцева және т.б.), лингвокогнитология (А.Б. Әмірбекова, Қ.Ө. Есенова, А.О. Тымболова), рефлексияны философиялық аспектіде қараған (С.Л. Катречко және т.б.), педагогикада (А. Әлімов, М. Оспанбекова), психологияда (С.Л. Рубинштейн), дискурс және мәтін териясы (Т.А. Ван Дейк, К.А. Долинин, Ж.А. Исмаилова, О.С.Иссерс, В.И. Карасик, Қ.К.Кенжеқанова, М.Н. Кожина, Е.С. Кубрякова, Б. Қалиұлы, М.Л. Макаров, Х.С. Мухамадиев, Н.К. Рябцева, К.К. Садирова, И.А. Стернин т.б.).



		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз.</u>	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді қосқанда 174 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс жалпы тіл білімі, дискурс теориясы, рефлексивті лингвистиканың жалпы және жеке сұрақтарын дамытуға, олардың ұғымдық аппаратын толықтыруға септігін тигізеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертациядағы А.Құнанбайұлының «Қара сөздерін» Г.Гиббстің «Рефлексияның циклдік моделіне» салып талдау арқылы тілдік рефлексияны анықтау тәжірибесі осындай бағыттағы жұмыстарды жүргізуде үлгі-негіз ретінде практикалық маңызы зор.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндерде көрінетін тілдік рефлексивтерді салғастыра дискурстық талдау алғаш рет жүргізіліп отыр.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертация мазмұнымен, ұсынылған тұжырымдарымен, олардың дәлелдемелерімен танысып, зерделеуде менің тарапымнан арнайы ескерту жасайтындай кемшілік кездеспеді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың диссертация тақырыбы бойынша сегіз жарияланым бар. Олардың ішінде «Тілдік рефлексия, рефлексив терминдерінің анықталуы» (№4/ 2, 2020 ж.), «Тілдік рефлексия: сана мен тіл қызметінің қатынасы» (№4, 2023 ж.), «Тілдік рефлексияның дискурспен, мәтінмен арақатынасы» (№1, 2024 ж.) тақырыбындағы еңбектері ғылыми жұмыстың бірінші бөлімі мазмұнының теориялық негізін құрайды. Ал Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналда (Journal of Psycholinguistic Research, процентиль 88%, Q1) жарияланған «Language Reflection: Metatextual Analysis» тақырыбындағы жарияланым диссертацияның әрі теориялық, әрі практикалық негізін құрайтын бөліммен сай келеді. Әр жарияланымның ғылыми деңгейі жоғары.

<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>Сыдық Перизат Сәндібайқызының «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «Тілдік рефлексия: дискурстық талдау (қазақ және ағылшын тіліндегі көркем мәтіндер негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы талаптарға сай орындалған, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.</p> <p>Ізденуші Сыдық Перизат Сәндібайқызына «8D02304-Филология» білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаймын.</p>
--	--	---

Ресми рецензент,  
филология ғылымдарының докторы, доцент



*Handwritten signature of J. Aytmagambetovna*

Кусайынова Жайнагул Айтмаганбетовна

06.09.2024 жыл.

“С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті” коммерциялық емес акционерлік қоғамы

*Handwritten signature of J. Aytmagambetovna*

қолын растаймын:

Ғалым - хатшы *Handwritten signature of Galym-Khatshy*